

Ортағасырлық Сығанақ қаласының кесенелеріндегі жерлеу инвентарі: алғашқы мұсылман жерлеу орындарындағы ескі наным-сенім сарқыншақтары¹

М. Бахтыбаев^a, С. Мургабаев^b, М. Гурсой^c, *Б. Сиздиков^d

^aҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0002-9027-0295. (E-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)

^bҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0002-4087-4592. (E-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz)

^cҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0003-1042-5697. (E-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz)

^dҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0001-8115-5810. (E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)

*Байланыс үшін автор: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:

Сығанақ,
ортағасырлық
қала, кесене,
сәулет ескерткіші,
жерлеу
дәстүрі, қыш
қаптама, қазба,
кесік, қорым,
археология.

GTAMP 03.41.91

DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-3-8-32>

АННОТАЦИЯ

XIV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Орда мемлекетінде ислам мемлекеттік дін ретінде қабылданып, идеологиялық, саяси және әлеуметтік өзгерістер орын алды. Осы кезеңнен бастап ақсүйектер бейіттерінің үстіне кесенелер тұрғызыла бастады. Бұл үдеріс Сығанақ қаласында да орын алды. Жергілікті билеушілер, ақсүйектер мен дін өкілдерінің бейіттерінің үстіне кесенелер тұрғызылып, некрополдер пайда болды. Ортағасырлық Сығанақ қаласында орналасқан кесенелерді зерттеу XIX ғ. екінші жартысында басталып, соңғы жылдары кешенді түрде жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда 9 кесене орны зерттеліп, XIII ғ. соңы – XIV ғ. басындағы жерлеу дәстүрін зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Жерлеу құрылыстарының ерекшеліктері олардың мерзімдемесін нақтылауға, сондай-ақ ортағасырлық қоғамның әлеуметтік құрылымы мен рухани дүниетанымын анықтауға мүмкіндік берді. Мақала ортағасырлық Сығанақ қаласындағы №3 және №7 кесенелерден алынған археологиялық материалдарды

¹Мақала №AP26104363 «Ортағасырлық Сығанақ қаласының некрополінде кешенді археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу» атты ғылыми жоба аясында дайындалған.

саралау мәселесіне арналған. №3 кесенедің сегіз жерлеуі, ал №7 кесенедің үш жерлеуі орны ашылды. Зерттеулер барысында мүрдемен бірге қойылған заттарды ежелгі наным-сенімдердің сарқыншағы деп қарастыруға болады. Исламға дейінгі жерлеу ғұрпында қола айна, тарақ және т.б. заттарды қолдану белгілі бір тар аймақпен шектелмеген, жалпыхалықтық және аймақаралық сипатқа ие феномен болған. №3 кесенедің ағаш табыттардың қалдықтары мен тот басқан, ірі өзек тәрізді шегелер сақталып қалған. №1, 2, 4 жерлеу орындарынан табылған темір шегелер мен қапсырмалар табыттың қақпағын бекіту үшін қолданылғанын көрсетті. Қазба барысында табылған әшекей бұйымдар кесененің салыстырмалы мерзімдемесін жасауымызға және ортағасырдағы жерлеу ғұрпы жайлы түсінігімізге үлес қосып, көрші аймақтарда табылған аналогтармен де салыстырылды. Кесенелерде исламдық жерлеу нормалары мен жергілікті дәстүрлердің сабақтастығы жан-жақты қарастырылып, бір жағынан, мәйітті батыс бағытқа қаратып жерлеу, қабір құрылымдарының мұсылмандық талаптарға сәйкес жасалуы исламдық жерлеу рәсімінің ықпалы күшейгенін көрсетсе, екінші жағынан, қабірге зергерлік бұйымдар, тұрмыстық заттар қою сияқты дәстүрлер ежелгі жергілікті дүниетаным элементтерінің сақталғанын аңғартады. Кесенелерден табылған жәдігерлер Сығанақ қаласының XIII-XIV ғғ. мәдени ортасындағы зергерлік өнердің жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл бұйымдардың Шойтөбе, Күлтөбе және Ескі Түркістан сияқты Түркістан өңіріндегі ескерткіштерден табылған ұқсас аналогтары олардың хронологиялық мерзімін XIII ғ. соңы – XIV ғ. басына жатқызуға мүмкіндік береді.

M. Bakhtybayev^a

*^aResearch Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
ORCID: 0000-0002-9027-0295
(E-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)*

S. Murgabayev^b

*^bResearch Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
ORCID: 0000-0002-4087-4592
(E-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz)*

Received 30 June 2026. Revised 31 July 2026. Accepted 31 August 2026. Available online 30 September 2026.



Дәйексөз үшін: М. Бахтыбаев, С. Мургабаев, М. Гурсой, Б. Сиздииков Ортағасырлық Сығанақ қаласының кесенелеріндегі жерлеу инвентарі: алғашқы мұсылман жерлеу орындарындағы ескі наным-сенім сарқыншақтары // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 3. 8-32 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-3-8-32>

For citation: M. Bakhtybayev, S. Murgabayev, M. Gursay, B. Sizdikov Funeral artifacts in the mausoleums of Medieval Syganak remnants of Pre-Islamic traditions in early Muslim Burials // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 3. P. 8-32. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-3-8-32>

M. Gursoy^c

*^cResearch Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish
University, Turkestan, Republic of Kazakhstan*

ORCID: 0000-0003-1042-5697

(E-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz)

***B. Sizdikov^d**

*^dResearch Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish
University, Turkestan, Kazakhstan*

ORCID: 0000-0001-8115-5810

(E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)

**Corresponding author: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz*

Funeral artifacts in the mausoleums of Medieval Syganak remnants of Pre-Islamic traditions in early Muslim Burials

Abstract. In the first half of the 14th century, Islam was declared the state religion of the Golden Horde, which led to ideological, political, and social changes in society. From that time on, monumental funerary structures, or mausoleums, began to be built over the graves of the elite. This process also took place in the city of Syganak. Mausoleums were built over the graves of local rulers, nobles, and religious figures, creating necropolises. Research on the mausoleums in the medieval city of Syganak began in the second half of the nineteenth century, and comprehensive archaeological investigations have been carried out in recent years. To date, nine mausoleums have been excavated and studied, providing important information about funerary traditions dating to the late thirteenth and early fourteenth centuries. The characteristics of these funerary structures have allowed us to refine their chronology and identify aspects of medieval society's social structure and spiritual worldview. This article analyzes archaeological materials recovered from mausoleums 3 and 7 in the medieval city of Syganak. Eight burials were discovered in mausoleum No. 3, and three were found in mausoleum No. 7. Analysis of the grave goods recovered from these burials indicates that they are relics of pre-Islamic traditions. The use of bronze mirrors, combs, and other grave goods in pre-Islamic burial practices was widespread across a vast territory and not confined to a particular region. Large, rusty nails were found in mausoleum No. 3. The iron nails and staples found in Burials 1, 2, and 4 suggest that they were used to secure the lids of wooden coffins. The jewelry found during the excavations helped refine the mausoleums' dates and provided new evidence about medieval burial customs. A comparative analysis was conducted between the recovered artifacts and analogous finds from neighboring regions. The continuity of burial traditions within these funerary complexes was also examined. The westward orientation of the deceased and the construction of tombs in accordance with Islamic funerary practices indicate the growing influence of Islamic burial rites. Conversely, the inclusion of jewelry and domestic objects as grave goods demonstrates the preservation of elements of the ancient local worldview. The artifacts recovered from the mausoleums attest to the high level of jewelry craftsmanship in the city of Syganak's cultural environment during the thirteenth and fourteenth centuries. Similar artifacts found at the Shoytobe, Kultobe, and

Old Turkistan archaeological sites in the Turkistan region support dating these finds to the late thirteenth to early fourteenth centuries.

Keywords: Syganak, medieval settlement, mausoleum, architectural monument, burial rite, facing tiles, excavation, section, necropolis, archaeology.

М. Бахтыбаев^a

^aНаучно-исследовательский институт археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0002-9027-0295

(E-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)

С. Мургабаев^b

^bНаучно-исследовательский институт археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0002-4087-4592

(E-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz)

М. Гурсой^c

^cНаучно-исследовательский институт археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0003-1042-5697

(E-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz)

***Б. Сиздиков^d**

^dНаучно-исследовательский институт археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0001-8115-5810

(E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)

*Автор для корреспонденции: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

**Погребальный инвентарь в мавзолеях средневекового Сыганак:
реликты доисламских традиций в ранних мусульманских захоронениях**

Аннотация. В первой половине XIV в. ислам был объявлен государственной религией в Золотой Орде, что привело к идеологическим, политическим и социальным изменениям в обществе. Поэтому над могилами знати начали возводиться монументальные сооружения – мавзолеи. Подобные процессы возведения сооружений наблюдаются и в средневековом городе Сыганак. Мавзолеи возводились над могилами местных правителей, знати и религиозных деятелей, появились некрополи. История изучения мавзолеев, расположенных в средневековом городе Сыганак, началось во второй половине XIX в., а в последние годы проводятся их комплексные исследования. К настоящему времени было исследовано 9 мавзолеев, являющихся важным источником для изучения погребальных традиций конца XIII – начала XIV в. Особенности

погребальных сооружений позволили уточнить их датировку, а также определить социальную структуру и духовное мировоззрение средневекового общества. Статья посвящена анализу археологических материалов, полученных из мавзолеев № 3 и № 7 средневекового города Сыганак. В мавзолее №3 обнаружено восемь захоронений, а в мавзолее №7 – три. В процессе исследований погребальный инвентарь, помещенный в погребениях, можно рассматривать как реликты доисламских традиций. Использование бронзовых зеркал, гребней и т.д. в доисламских погребальных обычаях не ограничивалось каким-либо конкретным узким регионом, а охватывало обширную территорию. В мавзолее № 3 были найдены ржавые крупные гвозди. Железные гвозди и скобы, найденные в захоронениях №1, 2, 4, указывают на то, что они использовались для забивания крышки деревянных гробов. Ювелирные изделия, найденные во время раскопок, позволили уточнить датировки мавзолеев, а также получить новые данные о средневековых погребальных обычаях и проведен сравнительный анализ найденных артефактов с аналогами, найденными в соседних регионах. Прослеживается преемственность погребальных традиций в исследуемых комплексах. Ориентация погребённых головой на запад и строительство гробниц в соответствии с мусульманскими погребальными нормами свидетельствуют об усилении влияния исламских обрядов. Вместе с тем наличие в захоронениях ювелирных изделий и предметов домашнего обихода указывает на сохранение элементов древних местных традиций и мировоззрения. Артефакты, найденные в мавзолеях, свидетельствуют о высоком уровне ювелирного искусства в культурной среде города Сыганак в XIII-XIV веках. Аналогичные изделия, найденные в памятниках Туркестанского региона – Шойтобе, Культобе и Ески Туркестан, позволяют датировать их концом XIII – началом XIV веков.

Ключевые слова: Сыганак, средневековое городище, мавзолеев, архитектурный памятник, ритуал захоронения, облицовочная плитка, раскоп, разрез, некрополь, археология.

Кіріспе

Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында, Сунақ ата ауылынан батысқа қарай 1,5 км жерде орналасқан ортағасырлық Сығанақ қаласы – Сырдарияның орта ағысында ірге тепкен ірі саяси, экономикалық және рухани орталықтардың және астаналық мәртебеге ие болған санаулы қалалардың бірі. Сығанақ қаласы бірнеше этносаяси бірлестіктердің құрамында болып, Алтын Орда (Жошы ұлысы) кезеңінде ерекше орын алған.

Жошы ұрпақтарының ішінде бірінші болып ислам дінін қабылдаған Берке болды. Оның Сығанақта билік құрған уақыты туралы екі дереккөзде тікелей баяндалады: XVI ғ. хорезмдік тарихшы Өтеміш қажы (Утемиш-хаджи, 1992: 96-97) және XVIII ғ. Қырым шежірешісі Абдалғаффар Қырым (Абд ал-Гаффар Қырым, 1343: 21-22) еңбектері. Осы жазба деректер XIII ғ. ортасы мен екінші жартысында Сығанақ қаласы Алтын Орда мемлекетінің маңызды саяси орталықтарының бірі, сондай-ақ моңғол элитасы ішіндегі «мұсылман партиясының» орталығы болғандығын көрсетеді.

XIV ғ. бірінші жартысында Өзбек ханның исламды мемлекеттік дін ретінде енгізу саясатының арқасында Алтын Орда мемлекетінде идеологиялық, саяси және

элеуметтік өзгерістер орын алды. Осы кезеңнен бастап ақсүйектер бейіттерінің үстіне кесенелер тұрғызыла бастады. Бұл үдеріс Сығанақ қаласында да орын алды. Жергілікті билеушілер, ақсүйектер мен дін өкілдерінің бейіттерінің үстіне кесенелер тұрғызылып, некрополдер пайда болды.

Сығанақ қаласында орналасқан кесенелерді зерттеу ХІХ ғ. екінші жартысында басталып, экспедиция мүшелерінің жазбалары мен естеліктері арасынан діни ғимараттар – кесенелер, мазарлар және мешіттер туралы ақпараттар кездестіреміз (Каллаур, 1900: 6-16; Якубовский, 1929: 123-159). Көптеген құрылыстар қирағандықтан немесе бүгінгі күнге дейін сақталмағандықтан, бұл деректер маңызды болып табылады.

Соңғы жылдары Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде орналасқан ортағасырлық қалаларда зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп, Сығанақ қаласының некрополіндегі 9 кесене (Мургабаев және т.б., 2022: 216-222; Бахтыбаев және т.б., 2025: 26-43), Қышқала қаласындағы кесене (Елеуов және т.б. 2021: 26-31, 122), Қарашық І қаласындағы Қарашық кесенесі (Елеуов және т.б., 2005: 108-115) Арал-Асар қаласындағы Кердері ІІ кесенесі (Байпаков, 2012: 65-68; Курманкулов, 2011: 85-86) жайлы жаңа деректер алынып, олардың архитектуралық ерекшелігі, салыну тәсілінің дамуы және хронологиялық шеңбері анықталды.

Сығанақ қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында №3 және №7 кесенелерде мәйітпен бірге қабірге қойылған заттар анықталды. Ортағасырлық жерлеу ғұрпы бойынша мәйіттің қасына жеке заттарын, қару-жарақтарын, ыдыс-аяқтарын және әшекейлерін қою ежелгі дәуірлерден бастап алғашқы мұсылмандық жерлеулерге дейін орын алған.

Материалдар және зерттеу әдістері


Ортағасырлық Сығанақ қаласы Х-ХІІ ғғ. бастап араб, парсы және түркі жазба деректерінде кездесе бастайды (Махмұт Қашқари, 1997). Археологиялық зерттеулер ортағасырлық Сығанақ қаласының орнын Сунақ ата аулының батысындағы 1,5 км жерде орналасқан қала орнымен баламалайды. Зерттеу жұмысы барысында археологиялық деректермен қатар жазба деректер кеңінен қолданылды. Археологиялық деректер негізінде жерлеу дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері мен жерлеу орындарының архитектуралық ұқсастықтарына талдау жасалынса, жазба деректер негізінде кезеңдер бойынша қала халқының этникалық құрамына, рухани және мәдени өміріне, қаланың даму кезеңдеріне талдау жасауға мүмкіндік туды. Сығанақ қаласында орналасқан кесенелерге кешенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ғимарат құрылымы мен оның тарихи-мәдени маңыздылығын ашу үшін археология ғылымының дәстүрлі әдістерімен қатар пәнаралық зерттеу әдістері кеңінен қолданылды. Ескерткіштерді жан-жақты сипаттау, топографиясы мен жоспарын сараптау жұмыстары нысандарды толыққанды зерттеуге мүмкіндік берді. Ашылған нысандарды мерзімдеу мақсатында салыстырмалы-типологиялық әдіспен қатар радиокөміртекті (С14) зерттеу әдісі қолданылды. Радиокөміртекті талдау жұмыстары Түркия Республикасындағы «Тубитак Мармара» зертханасында, қазба жұмыстары барысында анықталған қаңқаларға антропологиялық және археогенетикалық зерттеулер сол мемлекеттің Хажеттепе университетінде жүргізілуде.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

№ 3 кесене. Кесене Сунақ ата ауылынан батысқа қарай 0,5 км жерде, Самара – Ташкент тас жолынан 0,15 км солтүстікке қарай орналасқан. Кесене орны жобасында сопақша төбе ретінде сақталған, төбенің оңтүстіктен солтүстікке қарай ұзындығы – 35 м, шығыстан батысқа қарай – 20 м, биіктігі – 1,7 м (Байпақов және басқ. 2014: 46).

Зерттеу барысында көлемі 15х15 м болатын қазба салынып, нәтижесінде көлемі 10х8 м, порталды күмбезді ғимарат ашылды. Қабырғалары күйдірілген қыштан көтерілген, көлемдері 25х25х5 см. Кесененің порталы солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Есіктің ені – 1,2 м. Кесененің ішкі жағында бес жерлеу орны анықталды, оның екеуі ашылды (Бахтыбаев және т.б., 2025: 46).

2019 жылы №3 кесенеге қайта зерттеу жұмыстарын жүргізіліп, оның ішкі бөлігінен қабір шұңқырлар орны анықталды. Кесенеден топырақ шұңқырларына жерленген 8 адамның қаңқа сүйегі және кесене сыртында 1 мүрде ашылды (1-сур.).



1-сур. №3 кесененің жоспары

Fig.1. Plan of Mausoleum №3

Рис.1. План мавзолея №3

Жерлеу орындарының барлығы батыс бағытында қойылған. Жерленген тоғыз мәйіттің бесеуі тік қабырғалары бар қарапайым тікбұрышты шұңқырларда, екеуі қабырғасы күйдірілген және шикі кірпіштен қаланған тікбұрышты шұңқырларда, біреуі кесененің сыртында, жер үстінде шикі кірпіштен қаланған сағанада жерленген. № 1, 2, 4 жерлеу орындарында ағаш табыттардың қалдықтары мен тот басқан, ірі өзек тәрізді шегелер сақталып қалған (Бахтыбаев және т.б., 2019: 81-98)². № 2 және № 4 жерлеу орындарынан бағалы металдардан жасалған әшекейлер – сырғалар, бойтұмар, түймелер және темір бұйымдар табылды.

№1 жерлеу орны батыс қабырғаның ортасына жақын жерде, еден деңгейінен 70 см тереңдікте орналасқан, жобасында тікбұрышты болып келген шұңқырдың өлшемі – 1,8x0,6 м. Жерлеу орны солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Қазба барысында, анатомиялық реттіліктегі ересек адамның (50-60 жас) қаңқасы анықталды, басы солтүстік-батысқа, жүзі солтүстікке қаратылып, шалқасынан жатқызылған. Адам қаңқасының ұзындығы – 165-170 см.

Жерлеу орнынан ағаш жәшіктің (табыт) 16 дана темір шеге мен бекіткіш қапсырмалар табылды. Шегелер мен қапсырмалар қимасында төрт қырлы. Қалпақшалары бір жағына қарай бүгілген, бір бөлігі сынып қалған, оларды қатты тот басқан. Шегелердің ұзындығы – 3-6,4 см, диаметрі – 0,7-1,1 см. Шегелер сол аяғының тобығы маңында, оң жағында тізе аймағында, қабырға омыртқаларының арасында, қол буындарының ұшында сақталып қалған. Әлдеқайда жуан, қапсырма түрінде сәл бүгілген үш шеге екі аяғының табанынан табылды.

№2 жерлеу орны №1 жерлеу орнының солтүстік жанында орналасқан. Оның өлшемі – 1,2x0,4x0,1 м. Жерлеу орны солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Қазба барысында 15 см тереңдікте ұзындығы 110 см болатын жас баланың (8-10 жас) қаңқасы ашылды. Басы солтүстік-батысқа, беті оңтүстік-батысқа бағытталған, шалқасынан жатқызылған. Бас сүйегінің батыс бөлігіндегі қабырғаға жақын жерде ұзындығы 5 см болатын шіріген тақта бөлігі табылды. Бас сүйегінің сол жақ самайында қарапайым сымнан жасалған сақина пішінді сары металдан жасалған сырға табылды. Дәл осы жерден темір шегелердің фрагменттері анықталды, ұзындығы – 4,3-8,1 см, диаметрі – 0,6-0,8 см. Бас сүйегінің жанында темір қапсырма бұйымы ашылды, оның көлемі: ұзындығы – 9 см, қалыңдығы – 1 см.

№3 жерлеу орны кесененің солтүстік жағында орналасқан. Қазба барысында, 20 см тереңдікте балалардың бас сүйектерінің фрагменттері табылды. Қабір шұңқыры байқалмайды.


№4 жерлеу орны кесененің оңтүстік-батыс жағында, №1 жерлеу орнының қабатында орналасқан. Жерлеу шұңқырының көлемі – 1,8x1,1 м. Қазба барысында 65-70 см тереңдікте анатомиялық реттілігі жақсы сақталған ересек адам қаңқасы (16-20 жас) ашылды (2-сур.). Қаңқаның ұзындығы – 165 см. Басы оңтүстік-батысқа, беті оңтүстікке қараған, шалқасынан жатқызылған. Жерлеу шұңқырынан металл қапсырмалар, сондай-ақ басы мен өткір ұшы бар өзек түріндегі бекіткіш бұйымдар табылды. Кейбір

² Бахтыбаев М.М., Искандерова А., Жетибаев К.М., Мургабаев С.С., Арынов К.С., Торежанова Н.Ж., 2019. Отчет о научно-исследовательской работе по итогам 2019 года, выполненного в рамках программы Министерства иностранных дел РК по теме «Археологические исследования некрополя средневекового городища Сыгнак». Туркестан. 231 с. // Архив НИЦ Археологии.

шегелердің қалпақшалары жоқ, олар қапсырма түрінде бүгілген, тот басқан. Бас сүйегінің самай тұсының екі жағынан сары металдан жасалған жұп сым сырға және оң құлағының аймағында үшінші сырға табылды (3-1-сур.). Жерленген мәйіттің бас сүйегінің оң жағынан түтік пішінді, сары металдан жасалған тұмар салатын әшекей бұйым табылды. Бойтұмардың ұзындығы – 5,7 см, диаметрі – 1,6 см (3-2-сур.). Кеуде тұсынан, қабырғалардың арасынан үш үлдір түймелер, олардың көлемі – 1,0x0,7 см; 1,1x0,6 см; 1,2x0,8 см (3-3-сур.) және моншақтар табылды (3-4-сур.).

№5 жерлеу орны кесененің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, оның көлемі – 1,8x0,4x0,12 м. Жерлеу орны солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Қазба барысында ересек адамның (25–35 жас) қаңқа сүйегі ашылды. Мәйіт шалқасынан жатқызылған. Басы оңтүстік-батысқа, беті солтүстікке қараған. Жерлеу орнынан бірнеше темір шеге табылды, олардың көлемдері: ұзындығы – 2,5-8 см, қалыңдығы – 0,3-0,5 см.

№6 жерлеу орны кесененің оңтүстік-шығыс жағында орналасқан. Жерлеу орны солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Жерлеу орнының жоғары жағы бүтін және сынық, шаршы пішінді күйдірілген қышпен қаланған. Жерлеу шұңқырының көлемі: ұзындығы – 1,5 м, ені – 0,85 м, тереңдігі – 0,90 м. Қазба жұмыстары кезінде 80 см тереңдікте ересек адамның (16-25 жас) қаңқасы ашылды. Қаңқа сүйектері анатомиялық реттілікпен, басы солтүстік-батысқа, беті оңтүстік-шығысқа қаратылған күйде шалқасынан жатыр. Оң қолы шынтақтан бүгіліп, қарын тұсында, сол жақ қолы жамбасында қойылған. Аяқтары созылған, аяқтарының бөліктері оңға бұрылған. Сегізкөз маңынан шіріген ағаштың бөліктері табылды. Өлген адамның мәйіті жиектегі кірпіш қабырғаларының үстіне қойылған ағаш тақталармен жабылған болуы ықтимал.



2-сур. №3 кесене, №2 жерлеу орны

Fig.2. Mausoleum No. 3, burial No. 2

Рис.2. Мавзолей №3, захоронение №2

№7 жерлеу орны кесененің сыртында, орталық кіреберістің сол жағында 2,7 м қашықтықта орналасқан. Жерлеу орны солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Қазба барысында сағана ішінде 15-20 см тереңдікте ересек адамның (45-55 жас) қаңқасы ашылды. Жерлеу орнының ұзындығы – 2,3 м, ені – 0,87 м. Қаңқа анатомиялық реттілікпен, шалқасынан жатты. Оның ұзындығы – 175 см. Басы солтүстік-батысқа, беті жоғары қарай бағытталған. Сол қолы қарын тұсында, оң қолы денесін бойлай жатты. Аяқтары қосылып, тізелерінде сәл бүгілген, бақайшақтары оңға бұрылған.

№8 жерлеу орны кесененің солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан. Жерлеу орны солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған, ұзындығы – 185 см, ені – 70 см. Сағананың ішкі жағы ұзын жиектерін бойлай қырынан қойылған кірпіштермен қаланған. Жерлеу орнынан сәл оң жағына бұрылып, шалқасынан жатқан ересек адамның қаңқасы (35-45 жас) ашылды. Қаңқаның ұзындығы – 150 см, оның басын батысқа, бетін оңтүстікке қаратып қойған. Айқасқан қолдары қарын тұсында жатыр. Аяқтары созылған, екі аяғының бөліктері оңға бұрылған.

№ 9 жерлеу орны № 5 және № 6 жерлеу орындарының арасында орналасқан. Жерлеу орны солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Жерлеу шұңқырының ұзындығы – 175 см, ені – 80 см, тереңдігі – 73 см. Қазба барысында ересек адамның (25-35 жас) қаңқа сүйегі ашылды, оның ұзындығы – 165 см. Мәйіт анатомиялық реттілікпен шалқасынан жатыр. Басы оңтүстік-батысқа жылжыған, беті оңтүстік-шығысқа бағытталған. Қолдары кеудесіне қойылған. Аяқтары созылған, бақайшақтары бірге жиналған.




3-сур. №3 кесене, Сырғалар (1), бойтұмар (2), түймелер (3), моншақ (4)

Fig.3. No.3 mausoleum, Earrings (1), amulet (2), buttons (3), beads (4)

Рис.3. №3 мавзолей, серьги (1), амулет (2), пуговицы (3), бусины (4)

№7 кесене. Сунақата ауылының солтүстік-батыс шетінде, ортағасырлық Сығанақ қалашығына баратын тас жолдың сол бөлігінде 50 м жерде және ауылмен іргелес жатқан аумағы 26 м, биіктігі 1,5 м болып келетін төбеде қазба археологиялық жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары нәтижесінде ұзындығы 22,2 м, ені 16,7 м, биіктігі 0,3-0,4 м платформа үстіне орналасқан кесене ашылды (4-сур.). Платформа жиегін айналдыра күйдірілген қыштармен төрт қатар биіктікте қаланып, ортасы қара сазды балшықпен толтырылған. Анықталған кесененің ұзындығы – 12,2 м, ені – 10,1 м, сақталған биіктіктері – 0,1-0,6 м. Кесененің солтүстік-шығыс бөлігінде еден деңгейінен 0,3 м тереңдікте үш жерлеу орны – сағана-цисталар орналасқан. Ашылған жерлеу орындарына шартты түрде оңтүстіктен солтүстікке қарай реттік сандар (№1,2,3) қойылды (5-сур.).



4-сур. №7 кесененің жоспары

Fig. 4. Mausoleum Plan No. 7

Рис. 4. План мавзолея №7




5-сур. №1-3 жерлеу орындары

Fig.5. Grave sites №1-3

Рис.5. Захоронения №1-3

№1 жерлеу орнының төрт қабырғасы күйдірілген қыштармен қаланған, биіктігі жеті қатар және мүрденің беті бос топырақпен толтырылған. Сонымен қатар бас жағындағы қаландысының беткі жағы баспалдақ тәрізді қаланып, беткі қабатын күйдірілген қыштарды тігінен үшбұрышты тәрізді қиюластырып, жауып қойған. Сағананың ұзындығы – 2,65 м, ені – 1 м, тереңдігі – 0,5 м. Мүрде оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Басы солтүстік-батысқа бағытталып, беті оңтүстік-батысқа қаратылған. Оң қолы шынтақтан сәл бүгіліп, ұзыннан жатыр. Сол қолы шынтақтан бүгіліп, жамбасына қойылған. Аяқтары тізеден сәл бүгіліп, түзу жатыр. Антропологиялық зерттеулердің нәтижесінде қаңқаның 44-47 жастағы ер адамға тиесілі екендігі анықталды. Мүрдені тазалау барысында бас жағынан темір таға (6-1-сур.), ортасында ойықтары бар сүйектен жасалған бәкі сабы (6-2-сур.), «Т» тәрізді қола қапсырмалар (6-3-сур.) мен темір шеге (6-4-сур.), ал бел тұсына сақталуы орташа бір жүзді темір пышақ қойылған (6-5-сур.).



6-сур. №7 кесенеден табылған жәдігерлер

Fig. 6. Artifacts found at Mausoleum No. 7

Рис. 6. Артефакты из мавзолея №7

№2 жерлеу орны №1 мүрдеден 0,5 м солтүстікте орналасқан. Жерлеу орнының солтүсік, шығыс және оңтүстік қабырғаларын күйдірілген қышпен қалаған. Ал батыс қабырғасын және бетін қам кесекпен қалаған. Сағананың ұзындығы – 2,2 м, ені – 1 м, тереңдігі – 0,5 м. Қаңқа сүйектері анатомиялық реттілікпен, басы солтүстік-батысқа бағытталып, бет-жүзі солтүстік-шығысқа қаратылған. Оң қолы шынтақтан сәл бүгіліп, жанына қойылған. Ал сол қолы да шынтақтан сәл бүгіліп, жанына қойылып, аяқтарын түзу қойған. Антропологиялық зерттеулердің нәтижесінде қаңқаның 34-36 жастағы әйел адамға тиесілі екендігі анықталды. Сол қолының шынтақ тұсында аумағы 12,5 см болып келетін қола айна (сур. 7-1) және айнаның бетіне мүйізден жасалған тарақ қойылған (7-2-сур.).



7-сур. №7 кесенеден табылған қола айна мен тарақ
 Fig.7. Bronze mirror and comb found from Mausoleum No. 7
 Рис.7. Бронзовое зеркало и расческа из мавзолея №7

№3 жерлеу орны №2 жерлеу орнынан 0,6 м оңтүстік-шығыста орналасқан. Сағананың жиектері күйдірілген қышпен жеті қатар биіктікте қаланған. Оның ұзындығы – 2 м, ені – бас жағында – 0,4 м, аяқ жағында – 0,25 м. Басы солтүстік-батысқа қойылып, бет-жүзі батысқа қаратылған. Екі қолы шынтақтан ішке қарай бүгіліп, алақандары жамбас тұсына қойылған. Бас сүйегіне қарағанда бұл мүрде жас баланың сүйегіне ұқсайды. Антропологиялық зерттеулердің нәтижесінде қаңқаның 27-30 жастағы ер адамға тиесілі екендігі анықталды. Аяқтары түзу қойылған. Мүрде төбесіне белгі ретінде күйдірілген қыштардан ұзындығы 2 м, ені 0,6 м, биіктігі 1 м болып келетін қаланды қалаған. Радиокөміртекті (C14) талдаудың нәтижелері бойынша, №7 кесенедегі жерлеу орындарының 786 ± 24 жыл бұрынғы, яғни 1212 және 1260 жылдар аралығындағы кезеңге жататындығы анықталды (Бахтыбаев, Кожя, Сиздиқов, 2026: 695-712).

Талдау


№3 кесенеде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде тоғыз жерлеу орны зерттеліп, тоғыз мәйіттің бесеуі тік қабырғалары бар қарапайым тікбұрышты шұңқырларда, екеуі күйдірілген және шикі кірпіштен қаланған тікбұрышты сағана-цисталарда, біреуі кесененің сыртында, шикі кірпіштен жасалған жер үсті сағанада-цистада жерленген. Қабірлер топырақпен толтырылған, құрылымы жағынан тығыз. Бірқатар қабірлерде ағаш табыттардың қалдықтары мен тот басқан, ірі өзек тәрізді шегелер сақталып қалған. № 1, 2, 4 жерлеу орындарынан табылған темір шегелер мен қапсырмалар табыттың қақпағын бекіту үшін қолданылғанын көрсетеді. Табыттың тақталарын бекіту үшін темір қапсырмаларды пайдалану Алтын Орда заманында кең тараған (Водясов, Зайцева, 2015: 125-131). Табытта жерлеуге шариятта тыйым салынбаған, дегенмен табытта зорлық-

зомбылықпен қайтыс болған мұсылмандар жерленетін болған (Васильев, 2007: 36). Ағаш табыттың қалдықтары мен тот басқан темір шегелер Алтын Орда дәуіріндегі Мокринский I қорымынан (Марыксин, 2009: 254), Батыс Қазақстанның Орал қалашығы қорымынан шыққан «Үлкен кесенеден» табылды (Байпақов, Смағұлов, Ахатов, 2002: 168). Кесенедегі екі жерлеу орнынан табылған әшекейлер – зергерлік бұйымдардың бірегей кешені, оған ұқсас заттар өте аз табылады. Зерттеушілер жерлеу рәсімінде әшекейлердің табылуын әртүрлі тұрғыдан түсіндіреді. Зерттеуші Д. В. Васильев бұдан пұтқа табынушылық жерлеу дәстүрлерін көреді (Васильев, 2007: 110). Ал, зерттеуші И.Л. Измайлов қабірге заттарын бірге салуға хадистерде де, шарифатта да, кейінгі анықтамалар мен түсіндірмелерде де үзілді-кесілді тыйым салынбаған деп пайымдайды (Измайлов, 2016: 79).

№3 кесенеден табылған әшекей бұйымдар кесененің салыстырмалы мерзімдемесін жасауымызға және ортағасырдағы жерлеу ғұрпын түсінуімізге айтарлықтай үлес қосады. Аталған кесенеден табылған інжу тізілген сырғаның аналогтары Түркістандағы Шойтөбе және Күлтөбе қалашықтарынан табылған. Тарқатып айтар болсақ, Шойтөбенің қорған қабырғасының беткі бөлігін көлденең тазарту барысында 8-қатар деңгейінде төрт қабір шұңқырының дақтары анықталған. Қабірлерді аршу барысында олардың барлығы мұсылмандық жерлеу рәсіміне сәйкес жасалғаны белгілі болған. Мұндағы қаңқалар шикі кірпіштен қаланған жәшік іспетті қабірлерге шалқасынан жатқызылған. Жерленгендердің басын солтүстік-батысқа қаратып, бетін оңтүстік-батысқа бағыттап жатқызған. Қабір шұңқырларының ұзын осі қорған қабырғасының ұзындығына қарай орналасқан. Олардың түбі шамамен 12-ярус деңгейінде жатыр. №1 және №4 қабірлердегі жерленгендердің бас сүйегінің астынан Сығанақтағы №3 кесенеден табылған сырғаға ұқсас маржан тізілген алтын сырға табылған (8-1-сур.). Табылған сырғалардың түрі бірдей. Тек №1 қабірден табылған сырға №4 қабірдегі сырғадан сәл үлкенірек. Осындай, бірақ көлемі едәуір үлкендеу сырға Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің орталық залындағы №50 қабірден анықталған. Сонымен қатар, №4 қабірдегі жерленген адамның денесінің жоғарғы бөлігі жұқа мыс сымдармен тігілген матамен оралғаны анықталды. Зерттеушілер Хорезм мемлекетінің билеушісі Мұхаммед Хорезмшахтың Мәуереннахрмен шекаралас қалаларды қиратуға бұйрық бергеннен кейін Шойтөбеде цитадельдің қараусыз қалғандығын осыдан кейін бұл жерлер жерлеу орнына айналдырылғандығын атап өткен. Сонымен қатар «егер цитадельдің XIII ғасырдың басында қаңырап қалғанын мойындайтын болсақ, онда қабырға ішіндегі жерлеулер XIII ғасырдың екінші жартысында немесе XIV ғасырдың басында пайда болуы мүмкін. Табылған алтын сырғалар да осы кезеңге, яғни XIII ғасырдың соңы – XIV ғасырдың басына жатады» деген дерек келтіреді (Смагулов, 2017: 172-173).

Осындай алтын сырғалардың бірі 2019 жылы Түркістандағы Күлтөбе қалашығының №11 шаршысында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында №7 мүрденің бас жағынан табылған. №7 мүрде жердің беткі қабатынан 2,74 м тереңдіктен, қазба алаңының батыс жиегінен 5,7 м қашықтықтан анықталған (8-2-сур.). Тазалау жұмысы барысында, мүрденің шалқасынан жатқызылып, басы солтүстік-батысқа бағытталғандығы, жүзі көкке қаратылып, екі қолы көкірек тұсына қусырыла қойылғандығы, екі аяғы ұзына бойы тік қойылып жерленгендігі анықталған. Сонымен қатар тазалау жұмыстары барысында, мүрденің бас сүйегінің оң жағынан ақ інжу тізбекті 2 дана алтын сырға табылған. Бұл сырғалар да Сығанақтағы №7 кесенеден табылған сырғаларға ұқсайды (Ақылбек, 2019: 30).

Сығанақ қаласы маңындағы кесенелерден олжа боп кезіккен тағы бір ерекше табылым – сегіз жапырақты розетка пішінді қола айна. Осы айнаға дәл ұқсайтын айнаның бірі Түркістан қаласы маңындағы су қоймасы «Тоғанның» ішкі бөлігіндегі VIII стратиграфиялық қазба орнындағы №4 бөлмеден табылған (8-3-сур.). Бұл жерден табылған айнаның диаметрі – 13 см. Аталған айна Сығанақтағы айна секілді сегіз жапырақты розетка пішінінде қоладан жасалған. Артқы бетінің сәндік композициясының ортасында қасиетті ұштаған түріндегі ыдыстың жанында, бұлттар аясында орналасқан екі айдаһар бедерленген. Артқы бетінің ортасында орналасқан сабы сақталмаған. Зерттеуші мұндай айналар қытайдан импортталғандығын және Алтын Орда кезеңінің қалаларынан кездесетіндігін атап өткен. Сонымен қатар Е.И. Лубо-Лесниченконың «Привозные зеркала Минусинской котловины. (К вопросу о внешних связях древнего населения Южной Сибири). М.: Наука, 1975» атты еңбегіне сілтеме жасай отырып, Красноярск өлкелік мұражайы қорындағы №135 айнаның сюжеті ұқсас екендігін, бұл айнаның XI-XIII ғасырларға мерзімделгендігін тілге тиек еткен. Соңында Түркістаннан табылған айнаның қытай айнасының үлгісі бойынша жергілікті шеберлер тарапынан құйылған болуы мүмкін деген болжам жасаған. Бұл болжамын «өйткені түпнұсқа қытай айналары сирек әрі қымбат болған, ал олардың көшірмелері моңғол кезеңінен кейінгі әртүрлі қолөнер орталықтарында жасалуы мүмкін» деп негіздеуге тырысқан (Смагулов, 2017: 240).



8-сур. Інжу сырға. Шойтөбе қаласы (1). Қаңқаның бас жағында жатқан інжу сырға. Күлтөбе қаласы (2). Сегіз жапырақты розетка пішінді қола айна. Ескі Түркістан қаласы (3). Үлдір (ажур) түйме. Сайрам қаласы (4).

Fig. 8. Pearl earring. Shoytobe city (1). A pearl earring found on the head of the skeleton. Kultobe city (2). Eight-petaled rosette-shaped bronze mirror. Old Turkestan city (3). Openwork button. Sayram city (4).

Рис. 8. Жемчужная серьга. Город Шойтөбе (1). Жемчужная серьга, находящаяся у основания черепа. Город Кюльтөбе (2). Бронзовое зеркало в форме восьмилепесткового розеточного узора. Старый город Туркестан (3). Кружевная пуговица. Город Сайрам (4).

Сығанақтағы №3 кесенеден табылған үлдір түймелердің әсемдігі ортағасырдағы шеберлердің ішкі дүниесінің көркемдігінің символы іспетті. Бір түймені жасауға соғу, дәнекерлеу және ию секілді әдістерді қолдануы ортағасырлық зергерлік өнердің шырқау шегіне жеткендігін көрсетеді. Сығанақтан бөлек үлдір түймелердің бірі Қазақстандағы Сайрам қаласынан табылған (8-4-сур.). Бұл түйме Сығанақтан табылған түймені сол күйінше қайталамаса да, ұқсастық тұрғысынан өте жақын. Зерттеушілер Сайрам қаласынан табылған түймені XV ғасырға мерзімдеген (Оңғар, 2016: 355).

Сығанақ қаласындағы №3 кесенеден анықталған жерлеу кешені тек зергерлік бұйымдарымен ғана емес, жерлеу құрылыстарының ерекшеліктерімен де маңызды ғылыми дерек болып табылады. Кесене ішіндегі жерлеу орындарының әртүрлі құрылымда жасалуы (қарапайым топырақ қабірлер, күйдірілген және шикі кірпіштен қаланған сағаналар, сыртқы жер үсті сағана) ортағасырлық қоғамдағы жерлеу рәсімдерінің бірізді болмағанын көрсетеді. Мұндай айырмашылықтар жерленген адамдардың әлеуметтік дәрежесіне, отбасы ішіндегі орнына және жерлеу рәсіміне жұмсалған материалдық мүмкіндіктеріне байланысты болуы мүмкін.

Кесене ішіндегі жерлеулердің басым бөлігінің солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытында орналасуы исламдық жерлеу дәстүрімен сәйкес келеді. Мәйіттердің шалқасынан жатқызылып, бастары солтүстік-батысқа, жүздерінің оңтүстік-батысқа бағытталуы Сырдария бойындағы XIII-XIV ғасырлардағы мұсылмандық жерлеу орындарына тән ерекшелік болып табылады. Бұл дәстүр Шойтөбе, Күлтөбе және Түркістан өңіріндегі басқа да ортағасырлық жерлеу кешендерінен байқалады. Сонымен бірге қабір ішінен жеке заттардың, әсіресе әйелдердің сәндік әшекейлерінің кездесуі ислам дінінің таралуымен бірге жерлеу салттарында жергілікті дәстүрлердің де сақталғанын көрсетеді.

№3 кесенедегі №2 және №4 жерлеу орындарынан табылған бағалы металдардан жасалған әшекейлер жерленген адамдардың жоғары әлеуметтік мәртебесін айқындайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. Әсіресе алтын сырғалар, бойтұмар және үлдір түймелер кешені ортағасырлық әйелдердің киім үлгісі мен сәндік мәдениетін зерттеуге мүмкіндік береді. Алтын әшекейлердің жерлеу кешендерінде кездесуі жерленген адамның немесе оның әулетінің қоғамдағы беделін көрсететін материалдық белгі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Кесене архитектурасының өзі де оның иелерінің жоғары әлеуметтік деңгейін көрсетеді. Порталды-күмбезді құрылыс үлгісі, күйдірілген кірпішті пайдалану, портал бөлігінің көркем безендірілуі бұл нысанның қарапайым қабір емес, белгілі бір әулет мүшелеріне арналған мемориалдық құрылыс болғанын көрсетеді. Ортағасырлық Сығанақ қаласы Алтын Орда кезеңінде саяси және экономикалық маңызы жоғары орталықтардың бірі болғандықтан, қала маңындағы осындай кесенелер билеуші топтар мен беделді әулеттер өкілдерінің жерленген орындары болуы заңды.

Жалпы алғанда, Сығанақ қаласындағы №3 және №7 кесенелерден алынған археологиялық материалдар XIII-XIV ғасырлардағы Сырдарияның төменгі ағысындағы жерлеу мәдениетінің күрделі сипатын көрсетеді. Бұл кешендерде исламдық жерлеу нормалары мен жергілікті дәстүрлердің сабақтастығы байқалады. Бір жағынан, мәйітті батыс бағытқа қаратып жерлеу, қабір құрылымдарының мұсылмандық талаптарға сәйкес жасалуы исламдық ықпалдың күшейгенін көрсетсе, екінші жағынан, қабірге зергерлік

бұйымдар, тұрмыстық заттар қою сияқты дәстүрлер ежелгі жергілікті дүниетаным элементтерінің сақталғанын аңғартады.

Осылайша, Сығанақ кесенелері Алтын Орда кезеңіндегі қалалық мәдениеттің, әлеуметтік құрылымның және рухани-материалдық құндылықтардың өзара байланысын зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Археологиялық материалдар негізінде бұл кесенелерді XIII ғасырдың соңы – XIV ғасырдың басындағы Сығанақ қаласының ақсүйек топтарына тиесілі мемориалдық кешендер ретінде қарастыруға болады.

Тағы бір айта кететін жайт: Сығанақ кесенелерінен табылған зергерлік бұйымдардың ұқсастары Түркістан өңіріндегі жерлеу орындары мен қала ішіндегі нысандардан табылған. Бұл жағдай Сырдарияның орта ағысында күнделікті тұрмыста қолданған заттарын бақилық болғандармен бірге көмгендігін дәлелдейді. Яғни, ислам діні келгеніне қарамастан XIII ғасырда өмір сүрген халықтар арасында әлі де болса ескі дүниетанымдық түсініктердің сарқыншағы жалғасын тапқан.

Нәтижелер

Хандар мен ақсүйектердің қабірлерінің үстіне тұрғызылатын исламдық мемориалдық-ғұрыптық сәулет өнерінің құрылыстары Алтын Ордада XIV ғасырдың басында ислам діні ресми дін ретінде қабылданғаннан кейін пайда бола бастайды. Белгілі болғандай, Алтын Ордада ислам діні 1314 жылы мемлекеттік дін ретінде жарияланды (Байпаков т.б., 2018: 340). Дегенмен бұл кезеңде исламдық үлгіде жерлеу дәстүрі қалыптасып, кесенелер бой көтергенмен бұрынғы наным-сенімдердің сарқыншақтары жалғасып отырды. Оның айғағы ретінде Сығанақ қорымындағы жерлеу орындардан табылған заттай деректерді келтіруге болады.

Зерттеу жұмыстарымыздың барысында Сығанақ қорымындағы №7 кесенедегі №1 жерлеу орнынан табылған пышақтың ғұрыптық мақсатта қойылғандығы анықталды. Археологиялық зерттеулер барысында ежелгі көшпелі тайпалар сақ, сармат және ғұн тайпаларына, б.з. алғашқы ғасырларында өмір сүрген қаңлы тайпаларына тән жерлеу орындарына пышақ қойып жерлеу дәстүрі кеңінен таралғандығы белгілі (Қозыбаев, 2010: 200). Аталмыш жерлеу орнынан анықталған бұл дәстүрден ежелгі наным сенімдердің сарқыншағы деп қарастыруға болады. Себебі пышақ тек тұрмыстық құрал ғана емес, сонымен қатар ғұрыптық нысан қызметін атқарғандығы белгілі. Сол себепті марқұмның жанына пышақ қойып жерлеген.

№2 жерлеу орнынан анықталған қола айнаның бетінде бұлттар арасындағы екі айдаһар бейнеленген. Мұндай айналар Алтын Орда қалаларында қытайлық импорт және олардың көшірмелері ретінде кеңінен танымал. Сюжеті жағынан ұқсас айна Красноярск өлкетану мұражайының қорында сақтаулы және ол XI-XIII ғғ. мерзімделеді. Сонымен қатар осындай үлгідегі қола айналар Алтын Орда қалалары мен XIII-XIV ғғ. жататын жерлеу орындарынан, сондай-ақ Ескі Түркістан қаласындағы зерттеу барысында табылған (Лубо-Лесниченко, 1975: 69-71; Полякова, 1996: 154-268; Смагулов, 2017: 239-240). Жерлеу орнынан анықталған қола айна және сүйектен жасалған тарақ қойып жерлеу дәстүрі ежелгі наным-сенімдердің сарқыншағы деп қарастыруға болады. Жерлеу ғұрпында қола айна мен тарақты қолдану – белгілі бір тар аймақпен шектелмеген, жалпыхалықтық және аймақаралық сипатқа ие феномен. Жерлеу барысында марқұмның

жанына қола айнаны қойып жерлеу дәстүрін Қаратау өңіріндегі көшпелі тайпаларға тән Жасажырық, Қаракөз және Талдысу қорымдарынандағы (Ақышев т.б., 2011: 7-12³; Мургабаев, Сиздиқов, 2026: 116-130), Шығыс Қазақстандағы Байке қорымдарындағы жерлеу орындардан кездестіруге болады (Бейсенов, 2017: 67-75). Сонымен қатар қола айна және ағаштан жасалған тарақ қойып жерлеу дәстүрі Таңбалысор қорымындағы XIII ғ. жататын жерлеу орнынан анықталған. Қола айнаның жерлеу дәстүрінде кездесуін әр кезеңдегі халықтардың діни наным-сенімдері мен дүниетанымдарына байланысты барлық өңірлерден байқауға болады (Вагнер, 2012: 168-176; Хазанов, 1964: 89-96). XIII-XIV ғғ. қоғамда ислам дінінің орныққан кезеңнің өзінде де бұл рәсімнің сақталуы оның халық санасында өте терең тамыр жайғанын дәлелдейді (Ажигали, 2005: 23-34). Зерттеу барысында айна мен тарақтың тек тұрмыстық зат қана емес, символикалық мақсатта пайдаланылғандығы белгілі болды. Ежелгі халықтар айнаны – күннің, жарықтың, жанның символы ретінде немесе о дүние мен бұл дүние арасындағы «өтпелі шекара» ретінде қабылданған (Вагнер, 2012: 168-176; Хазанов, 1964: 89-96). Яғни зиянды күштерден қорғау, пәле-жаладан сақтау қасиеті бар деп санаған. Тарақ та тазалық пен пәктіктің, сондай-ақ мәртебенің белгісі болуы мүмкін деген түсінік болған. Осы себептен қола айна мен тарақтың жерлеу дәстүрінде кездесуін ежелгі наным-сенімдердің сарқыншағы деп нақты айтуға болады.

Қорытынды

Сығанақ қаласындағы №3 және №7 кесенелерден алынған археологиялық материалдар XIII ғасырдың соңы – XIV ғасырдың басындағы Сырдарияның орта ағысындағы жерлеу дәстүрін зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Кесенелерден табылған зергерлік бұйымдар мен жерлеу құрылыстарының ерекшеліктері олардың мерзімдемесін нақтылауға, сондай-ақ ортағасырлық қоғамның әлеуметтік құрылымы мен рухани дүниетанымын анықтауға мүмкіндік береді.

Кесенеден табылған інжу тізбекті алтын сырғалар, үлдір түймелер және бойтұмарлар Сығанақ қаласының XIII–XIV ғасырлардағы мәдени ортасындағы зергерлік өнердің жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл бұйымдардың Шойтөбе, Күлтөбе, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сияқты Түркістан өңіріндегі ескерткіштерден табылған ұқсас аналогтары олардың хронологиялық мерзімін XIII ғасырдың соңы – XIV ғасырдың басына жатқызуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қола айналар мен басқа да сәндік бұйымдардың таралу аймағы Сырдария бойындағы қалалардың Алтын Орда кезеңіндегі кең мәдени-экономикалық байланыстарын көрсетеді.

Кесенелердегі жерлеу орындарын зерттеу барысында исламдық жерлеу дәстүрлерінің негізгі белгілері анықталды. Атап айтқанда, мәйіттердің шалқасынан жатқызылуы, бастарының солтүстік-батысқа, жүздерінің оңтүстік-батысқа бағытталуы, қабір құрылыстарының мұсылмандық талаптарға сәйкес жасалуы Сырдария өңірінде исламдық рәсімдердің орныққанын көрсетеді. Сонымен бірге қабірлерден алтын сырғалар, айна, түйме, бойтұмар секілді заттардың табылуы жергілікті дәстүрлі дүниетаным

³Ақышев Ә.К., Тұяқбаев М.Қ., Айтқұл Х., Өсеров Т.О., 2011. Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Майдантал ауылдық округіне қарасты Талдысу қорымында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. Алматы.

элементтерінің исламдық жерлеу тәжірибесімен қатар өмір сүргенін аңғартады.

Зерттеу нәтижелері Сығанақ қаласы маңындағы кесенелердің Алтын Орда кезеңіндегі қалалық мәдениетпен тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Сығанақтың саяси, экономикалық және мәдени орталық ретіндегі маңызы оның маңындағы элиталық жерлеу кешендерінің қалыптасуына әсер еткен. Осы тұрғыдан алғанда, кесенелерден табылған материалдар тек жерлеу рәсімдерін ғана емес, сонымен бірге ортағасырлық қоғамдағы әлеуметтік мәртебе, әйелдердің сәндік мәдениеті, қолөнер мен діни түсініктер туралы құнды мәлімет береді.

Жалпы, Сығанақ кесенелерінің археологиялық материалдары XIII–XIV ғғ. исламдық нормалар мен жергілікті дәстүрлердің өзара ықпалдастығын айқын көрсетеді. Ислам дінінің таралуына қарамастан, қабірге жеке заттарды бірге қою, бағалы әшекейлерді жерлеу рәсінде пайдалану сияқты бұрынғы дүниетанымдық элементтер толық жойылмай, жаңа діни түсініктермен сабақтасып отырған. Сондықтан Сығанақ кесенелері Алтын Орда дәуіріндегі Сырдария өңірі тұрғындарының рухани мәдениеті мен әлеуметтік тарихын зерттеуде аса маңызды археологиялық кешендердің бірі болып саналады.

Әдебиет

- Абд ал-Гаффар Кырыми, 1343. Умдет ат-таварих. под ред. А. Неджиба. Стамбул. С. 21-22.
- Ақылбек С., 2019. Күлтөбе қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. Түркістан. 725 б.
- Ажигали С.Е., 2005. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Т. 1. Алматы: Арыс баспасы. 328 б.
- Байпаков К.М., Ерофеева И.В., Казиев Е.С., Терновая Г.А., 2018. История религий в Казахстане (древность и средневековье). Алматы: Service Press. 553 с.
- Байпаков К. М., Смагулов Е. А., Ахатов Г.А., 2002. Некрополь Уральского городища. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана: Сборник научных статей. Вып. 1. Уральск.
- Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С., Сиздинов Б.С., Арынов Қ.С., 2025. Ортағасырлық Сығанақ қаласының кесенелері. Turkic Studies Journal. Т. 7. No 2. 26-43 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-26-43>.
- Бахтыбаев М.М., Кожа М.Б., Сиздинов Б.С., 2026. Городище Сыганак: датировка памятника по результатам радиоуглеродного анализа. Отан тарихы. Т. 29. No 2. С.695–712. DOI:10.51943/2788-9718_2026_29_2_695-712
- Бейсенов А.З., 2017. Тасмолинская культура Сарыарки. Казахстан в сакскую эпоху, отв.ред. А.З. Бейсенов. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. С. 59-101.
- Водясов Е.В., Зайцева О.В., 2015. Мусульманские некрополи XVII-XIX вв. в окрестностях Томска. Вестник Томского государственного университета. История. № 1 (33). С. 125–131.
- Васильев Д.В., 2007. Ислам в Золотой Орде (историко-археологическое исследование). Астрахань: Астраханский университет. 170 с.
- Вагнер Е.В., 2012. История изучения сарматских бронзовых зеркал. Вестник Волгоградского государственного университета. №4. С. 168-176.

Измайлов И.Л., 2016. Археология и ислам в Среднем Поволжье в X – первой трети XIII в.: опыт комплексного анализа. Поволжская археология. № 2 (16). С. 68–92.

Каллаур В.А., 1900. Древние города Саганакъ (Сунакъ), Ашнасъ или Эшнасъ (Асанасъ) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингисъ-ханом в 1219 году. ПТКЛА (1899-1900), V. Ташкент: Фан. С. 6-16.

Қозыбаев М.К. (бас редактор), 2010. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Алматы: Атамұра баспасы. Том 1. 768 б.

Лубо-Лесниченко Е.И., 1975. Привозные зеркала Минусинской котловины. Москва: Наука. 170 с.

Махмұт Қашқари, 1997. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Хант». I том. 531 б.

Марыксин Д.В. 2009. Могильник эпохи Золотой Орды Мокринский I (по материалам работ 2008 года). Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Научный журнал, № 1. Уральск. С. 246–272.

Мургабаев С.С., Сиздиқов Б.С., 2026. Қаратау жотасы Қаракөз (Шимайлы) қорымындағы археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері. ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 121 №2. 116-130. <https://doi.org/10.26577/JH2121202610>

Оңғар А. (ред.), 2016. Ғасырлар алтыны. Ұлттық музейдің алтын және күміс бұйымдарының топтамасы, құрастырған Б. Хасенова, Ш.Мұқатаева. Астана: Регис СТ Полиграф. 368 с.

Полякова Г.Ф., 1996. Изделия из цветных и драгоценных металлов. Город Болгар. Ремесло металлургов, кузнецов, литейщиков. Отв. ред. Г.А. Федоров-Давыдов. Казань: ИЯЛИ им. Г. Ибрагимова АН Татарстана. С. 154–268.

Смагулов Е., 2017. Древний Туркестан: штрихи к историческому портрету. Алматы: Хикари. 343 с.

Хазанов В.М., 1964. Религиозно-магическое понимание зеркал у сарматов. Советская археология. №3. С. 89-96.

Утемиш-хаджи, 1992. Чингиз-наме. Алма-Ата. Ғылым. С. 246.

Якубовский А.Ю., 1929. Развалины Сыгнака (Сугнака). Сообщения ГАИМК. Т.11. Ленинград. С. 123-159.

Reference

Abd al-Gaffar Kyrymi, 1343. Umdet at-tavarih [Umdet at-tawarih]. pod red. A. Nedzhiba. Istanbul. P. 21-22. [in Russian].

Aqylbek S., 2019. Kultobe kalazhurtynda zhurgizilgen arheologijalyk kazba zhumystarynyn esebi [Report on archaeological excavations conducted in the Kultobe settlement]. Turkistan. 725 p. [in Kazakh].

Akyshev A.K., Tuyakbaev M.Q., Aytkul H., Oserov T.O., 2011. Ontustik Kazakstan oblysy, Turkistan audany, Maydantal auyldyk okrugine qarasty Taldysu qorymynda zhurgizilgen arheologijalyk kazba zhumystarynyn esebi [Report on archaeological excavations conducted at the Taldysu burial ground in the Maidantal rural district of the Turkestan district of the South Kazakhstan region]. Almaty. [in Kazakh].

Azhigali S.E., 2005. Kazak halkynyn dasturleri men adet-guryptary [Traditions and customs of the Kazakh people]. T. 1. Almaty: Arys baspasy. 328 p. [in Kazakh].

Baypakov K.M., Erofeeva I.V., Kaziev E.S., Ternovaya G.A., 2018. *Istoriya religiy v Kazahstane (drevnost' i srednevekov'e)* [History of religions in Kazakhstan (ancient and medieval)]. Almaty: Service Press. 553 p. [in Russian].

Baypakov K. M., Smagulov E. A., Ahatov G.A., 2002. *Nekropol' Ural'skogo gorodishha* [Necropolis of the Ural settlement]. *Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana: Sbornik nauchnykh statej*. Vyp. 1. Ural'sk. [in Russian].

Bahtybaev M.M., Murgabaev S.S., Sizdikov B.S., Arynov Q.S., 2025. *Ortagasyrlyq Syganak kalasynyn keseneleri* [Mausoleums of the medieval city of Syganak]. *Turkic Studies Journal*. T. 7. No 2. P. 26-43. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-26-43>. [in Kazakh]

Bahtybaev M.M., Kozha M.B., Sizdikov B.S., 2026. *Gorodishhe Syganak: datirovka ramyatnika po rezul'tatam radiouglerodnogo analiza* [Городище Сыганак: датировка памятника по результатам радиоуглеродного анализа]. *Otan tarihy*. T. 29. No 2. P. 695–712. DOI:10.51943/2788-9718_2026_29_2_695-712 [in Kazakh].

Beysenov A.Z., 2017. *Tasmolinskaya kul'tura Saryarki* [Tasmolinskaya culture of Saryarka]. *Kazakhstan v saksuku jepohu. otv.red. A.Z. Beysenov*. Almaty: Institut arheologii im. A.H. Margulana. P. 59-101. [in Russian].

Vodyasov E.V., Zayceva O.V., 2015. *Musul'manskie nekropoli XVII–XIX vv. v okrestnostyah Tomska* [Muslim necropolises of the 17th–19th centuries in the vicinity of Tomsk]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya*. № 1 (33). P. 125–131. [in Russian].

Vasilev D.V., 2007. *Islam v Zolotoy Orde (istoriko-arheologicheskoe issledovanie)* [Islam in the Golden Horde (historical and archaeological research)]. Astrahan: Astrahanskii universitet. 170 p. [in Russian].

Vagner E.V., 2012. *Istoriya izucheniya sarmatskih bronzovykh zerkal* [History of the study of Sarmatian bronze mirrors]. *Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta*, №4. P. 168-176. [in Russian].

Izmaylov I.L., 2016. *Arheologiya i islam v Srednem Povolzh'e v X – pervoy treti XIII v.: opyt kompleksnogo analiza* [Archeology and Islam in the Middle Volga region in the 10th – first third of the 13th centuries: experience of comprehensive analysis]. *Povolzhskaja arheologiya*. № 2 (16). P. 68–92. [in Russian].

Kallaur V.A., 1900. *Drevnie goroda Saganak (Sunak), Ashnas ili Yeshnas (Asanas) i drugie v Perovskom uezde, razrushennye Chingis-hanom v 1219 godu* [The ancient cities of Saganak (Sunak), Ashnas or Eshnas (Asanas) and others in the Perovsky district, destroyed by Genghis Khan in 1219]. *PTKLA* (1899-1900), V. Tashkent: Fan. P. 6-16. [in Russian].

Kozybaev M.K. (bas redaktor), 2010. *Kazakctan tarixy kone zamannan buginge deyin* [History of Kazakhstan from ancient times to the present day]. Almaty: Atamura baspasy. Tom 1. 768 p. [in Kazakh].

Lubo-Lesnichenko E.I., 1975. *Privoznye zerkala Minusinskoy kotloviny* [Imported mirrors of the Minusinsk Basin]. Moscow: Nauka. 170 p. [in Russian].

Mahmut Kashkari, 1997. *Turik tilinin sozdigi (Diani lugat-it-turik)* [Dictionary of the Turkish language (Diani Dictionary-Turkish)]. 3 tomdyq shygarmalar zhinagy. I tom. Almaty: Hant, 531 p. [in Kazakh].

Maryksin D.V. 2009. *Mogil'nik epohi Zolotoy Ordyy Mokrinskiy I (po materialam rabot 2008 goda)* [The Mokrinsky I burial ground of the Golden Horde era (based on materials from 2008)]. *Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana. Nauchny zhurnal*, № 1. Ural'sk. P. 246–272. [in Russian].

Murgabaev S.S., Sizdikov B.S., 2026. Karatau zhotasy Karakoz (Shimayly) qorymyndagy arheologiyalyk zertteu zhumystarynyn natizheleri [Results of archaeological research at the Karakoz (Shimayli) burial ground, Karatau Range]. QazUU Habarshysy. Tarih seriyasy. 121 №2. P. 116-130. <https://doi.org/10.26577/JH2121202610> [in Kazakh].

Onggar A. (red.), 2016. Gasyrlar altyny. Ulttyu muzeydin altyn zhane kumis buymdarynyn toptamasy [Gold of the Ages. Collection of Gold and Silver Products of the National Museum]. qurastyrghan. B. Hasenova, Sh.Muqataeva. Astana: Regis ST Ploigraf. 368 p. [in Kazakh].

Polyakova G.F., 1996. Izdeliya iz cvetnyh i dragocennyh metallov [Products made of non-ferrous and precious metals]. Gorod Bolgar. Remeslo metallurgov, kuznecov, liteyshnikov. Otv. red. G.A. Fedorov-Davydov. Kazan': IYaLI im. G. Ibragimova AN Tatarstana. P. 154-268. [in Russian].

Smagulov E., 2017. Drevniy Turkestan: shtrihi k istoricheskomu portretu [Ancient Turkestan: Touches on a Historical Portrait]. Almaty: Hikari. 343 p. [in Russian].

Hazanov V.M., 1964. Religiozno-magicheskoe ponimanie zerkal u sarmatov [The Sarmatians' religious and magical understanding of mirrors]. Sovetskaya arheologiya, №3. P. 89-96. [in Russian].

Utemish-hadzhi, 1992. Chingiz-name [Chingiz-name]. Alma-Ata. Gylym. P. 246. [in Russian].

Yakubovski A.Ju., 1929. Razvaliny Sygnaka (Sugnaka) [Ruins of Sygnak (Sugnak)]. Soobshheniya GAIMK. T.11. Leningrat. P. 123-159. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Бахтыбаев Мэлс, PhD, доцент м.а., жетекші ғылыми қызметкер, Археология ғылыми-зерттеу институты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ж.Баласағұн көш., 45, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 58795447400

Мургабаев Сағынбай, PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Археология ғылыми-зерттеу институты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ж.Баласағұн көш., 45, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 56658749100

Гурсой Музаффер, PhD, қауым. профессор, жетекші ғылыми қызметкер, Археология ғылыми-зерттеу институты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ж.Баласағұн көш., 45, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57221107944

Сиздиқов Бағдаулет, PhD, қауым. профессор, жетекші ғылыми қызметкер, Археология ғылыми-зерттеу институты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ж.Баласағұн көш., 45, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57210560635

Сведения об авторах:

Бахтыбаев Мэлс, PhD, ведущий научный сотрудник, Научно-исследовательский институт археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, ул. Ю.Баласагуна, 45, Туркестан, Республика Казахстан.

Scopus ID: 58795447400

Мургабаев Сагынбай, PhD, ведущий научный сотрудник, Научно-исследовательский институт археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, ул. Ю.Баласагуна, 45, Туркестан, Республика Казахстан.

Scopus ID: 56658749100

Гурсой Музаффер, PhD, доцент, ведущий научный сотрудник, Научно-исследовательский институт археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, ул. Ю.Баласагуна, 45, Туркестан, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57221107944

Сиздинов Багдаулет, PhD, доцент, ведущий научный сотрудник, Научно-исследовательский институт археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, ул. Ю.Баласагуна, 45, Туркестан, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57210560635

Information about authors:

Bakhtybayev Mels, PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, 45 Y.Balasagun Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 58795447400

Murgabayev Sagynbay, PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, 45 Y.Balasagun Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 56658749100

Gursoy Muzaffer, PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, 45 Y.Balasagun Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57221107944

Sizdikov Bagdaulet, PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, 45 Y.Balasagun Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57210560635

Авторлық үлес:

Бахтыбаев Мэлс концептуализациясы мен археологиялық зерттеулерін жүргізді, нәтижелер мен қорытындыларын дайындады, қолжазба мәтінін жазды.

Мургабаев Сагынбай кешенді археологиялық зерттеулер жүргізіп, деректерді жүйелеп, ресми талдау жүргізіп, қолжазба мәтінін жазды.

Гурсой Музаффер археологиялық зерттеулер жүргізіп, әдістемесі мен тарихнамалық шолуын жасады.

Сиздинов Багдаулет археологиялық зерттеулер жүргізіп, деректерді жүйелеп, қолжазбаны жазып, рецензиялап, редакциялады.

Author contributions:

Bakhytbayev Mels conceptualized the study and conducted archaeological research, prepared the results and conclusions, and wrote the manuscript.

Murgabayev Sagynbay conducted comprehensive archaeological research, systematized the data, performed the analysis, and wrote the manuscript.

Gursoy Muzaffer conducted archaeological research, developed the methodology, and prepared the historiographical review.

Sizdikov Bagdaulet conducted archaeological research, systematized the data, wrote the manuscript, and reviewed and edited the manuscript.

Авторский вклад:

Бахтыбаев Мэлс осуществил концептуализацию исследования и провел археологические исследования, подготовил результаты и выводы, а также написал текст рукописи.

Мургабаев Сагынбай провел комплексные археологические исследования, систематизировал полученные данные, осуществил их анализ и написал текст рукописи.

Гурсой Музаффер провел археологические исследования, разработал методологическую часть исследования и подготовил историографический обзор.

Сиздииков Багдаулет провел археологические исследования, систематизировал полученные данные, написал текст рукописи, осуществил ее рецензирование и редактуру.



Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.